- 5 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар. «Дінтану негіздері» пәнінің оқытушыларына арналған практикалық көмекші құрал / құраст. Ыбраев Е.Е., – Астана: ҒЗТО, 2014. – 10 б.

#### **РЕЗЮМЕ**

Толерантность как показатель уровня общей и политической культуры общества, это терпимое отношение к другим взглядам, верованиям, действиям, обычаям, идеям. История показывает, что причиной некоторых мировых конфликтов были религиозные разногласия.

#### **RESUME**

Tolerance as an indicator of the level of General and political culture, tolerant attitude towards other views, beliefs, actions, customs, ideas. History has shown that the cause of some of the world's conflicts were religious disagreements.

ӘОЖ 17.022.1

**Т. Х. Рысқалиев**, философия ғылымдарының докторы, профессор  
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

#### **ҚҰНЫН ЖОЙМАС ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

##### **Аннотация**

Философия ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан құндылықтарды қарастырады және адамға бағыт-бағдар ретінде ұсынады.

Мақалада әр адамның алдында алғышарт ретінде нысана болып тұратын құндылықтар қарастырылады.

*Түйін сөздер:* құндылық, мұра, философия.

Философияның қыры-сыры көп, оның анықтамаларын тізіп теруге болады. Мен философияның бір қырына ғана – оның өмірден де, діннен де, өнер мен әдебиеттен де, сырттан да, іштен де құндылықтарды іздеп, бағалап, адамдарға үлгі ретінде ұсынатын қызметі туралы айтқым келеді.

Бір кезде біз, кеңестік философтар, философияны ғылым ретінде танып, іргелі мәселелерге баса көңіл бөлдік, жекелерді көзге ілмей, жалпыны – табиғатты, қоғамды, танымды, категорияларды – көбірек қарастырдық. Мен Гегельдің «Рух феноменологиясынан» кандидаттық диссертация қорғадым. Маркстің «Капиталы» туралы жаздым.

Қазір мен бұл райымнан қайттым. Сократқа еліктеп, философияның даналығын паш етіп, «көктен жерге түсіп», студенттеріме, көпшілік оқырманға бәрімізге белгілі, бірақ жете көңіл бөлінбейтін, еленбейтін қарапайым қағидаларды жеткізгім келеді. Бұлар белгілі болса да, белгілі болғандықтан да санаға сіңбей жатады. Белгілінің бәрі бірдей танылған, игерілген болып шықпайды.

Философия, әрине, күнделікті күйбің-шүйбіңмен, көз алдымыздағы нәрселермен, бүгінгімен шектеліп қалмайды. Ол болып жатқан нәрселерге, үрдістерге биіктен, сырттан қарап баға бергісі келеді. Философия – биіктегі көзқарас (вид с высоты). Бірақ ол сол биігінде қалып қоймауы керек. Жерге түсіп, адамдармен көрген-білгенімен бөлісуі керек. Сосын қайтадан биікке өрлеуіне болады.

Құндылық туралы мәселе де мен үшін қарапайым, бірақ бұдан оның бәсі еш те бір кемімейтін, киелі нәрсе болып көрінеді.

Атынан көрініп тұрғандай, құндылық адам үшін әр уақытта биікте мұрат болып, нысана болып, бағыт беретін шырақ сияқты. Құндылықтарды танып біліп, бағалап, іс-қимылында басшылыққа алып отыратын адам ешқашанда адаспайды.

Бірақ «алтынның қолда барда қадірі жоқ» дегендей, құндылықтарды бағалап, құндылықтармен санасып жатқандар көп емес.

Еңбектен асқан құндылық бола ма?! Еңбек деген ауа сияқты, ішер тамақ сияқты табиғи қажеттілік емес пе? Неге ол қазіргі адамдарға жат болып барады? Атақ та, байлық та, бедел де, құрмет те тек еңбекпен келетін нәрселер ғой. Айналаға көз салсақ, бәрі басқаша болып жатқан сияқты. Ақ адал еңбегімен күн көріп жатқандар ішінде атқамінерлерді, аты шыққандарды кездестіру қиын.

Ф.Энгельстің құлдық құрылыстың, құлдар еңбегінің білім, ғылым, мәдениеттің дамуына елеулі ықпал еткені туралы айтқаны бар. Ежелгі гректер құлдық құрылысты тиімді түрде пайдалана білді. Гректердей құлдардың арқасында дамыған, жетілген елдер жоқ.

Римдіктер де құлдардың еңбегімен күн көрді. Бірақ олар барлық жұмысты, өндірісті құлдарға артып қойып, өздері қызық көріп, рақаттанып, бос жүруге әуестенді. Еңбек етуге арланды. Театрға, стадионға барды, бір-біріне қонаққа барды. Кеште үлкен алаңдарда, аренада құлдар мен арыстандардың арпалысын тамашалады. Гладиаторларды өзара қырылыстырып қойғанын әдебиеттен, кинодан білеміз. Оларға керегі нан (ішіп-жейтін тамақ) және ойын-сауық болды. «Хлеба и зрелищ!» деген сөз қалды содан бері. Бәрін де қамтамасыз ететін құлдар болды. Осындай дәстүр: еңбекке немқұрайлы қарау, еңбекті бағаламау ақыры атышулы Рим империясының күйреуіне әкеліп соқтырды.

Бұдан қандай мораль туындайды? Еңбек етпеген адам түбі азады, еңбекті елемейтін қоғам түбі тозады.

Ежелгі гректер болса – құлдары да, ақсүйектері де – ерінбей, бар зыбынын салып еңбек етті. Бұл – олар үшін табиғи қажеттілік болды.

Құлдар қоғамға қажетті барлық материалдық игілікті өндірді: мал бақты, егін екті, киім тікті, үй тұрғызды. Ал еріктілер рухани байлықты өндірді: білім, ғылым, өнер, философия қарыштап дамып, классикалық дәрежеге жетті.

Міне, ешқашанда құнын жоймайтын қарапайым қағида!

Адамды адам ететін сонымен – еңбек.

Аристотель, Кант, Маркс, Кьеркегор, Ницше, Толстой сияқты ғалымдар, философтар, ойшылдар артына қандай мол мұра қалдырды?! Олардың негізгі кәсібі – еңбектену болды. Канттың бір сөзін келтірейін: «Өмірдің рахатын сезінудің тиімді тәсілі – еңбек».

Адамды адам ететін – мәдениет. Мәдениетті меңгеру үшін де адам үздіксіз еңбектенуі, ізденуі қажет. Ешкімді күштеп, зорлап мәдениетті ете алмайсың.

Ал мәдениеттің жаны, Маркше, - философия. Философия қайтіп мәдениеттен тыс қалады?

Құндылық дегеніміз ұрпақтан ұрпаққа тарап, адамдардың қарым-қатынасындағы ізгілікті, шынайылықты, сыйластықты, үйлесімділікті қалыптастырып келе жатқан мәдени мұра, рухани қазына. Философия қайтіп құндылықтардан шет қалады?

Философияның өзі біле білген адамға – құндылық. Ғасырлар бойы Будда ескірген жоқ, Конфуций ескірген жоқ. Сократ ескірген жоқ. Абай ешуақытта ескірмейді.

Бұл нені аңғартады? Философтардың, даналардың, олардан жеткен ұлағатты сөздердің адамзатпен бірге жасайтынын. «Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» - дейді Абай. Өлмейтін, өшпейтін нәрсені құндылық деп атаймыз. Алтынды тот баса ма?

Құндылық деп мен көреген даналардың, философтардың бізге жеткен асыл сөздерін, өмір тәжірибесінен туындап, сығымдалған түйінге (квинтэссенцияға) айналған қағидаларды айтар едім.

Лао Цзы «у вэй» - тиіспе! – деп, неге тиым салып тұр? Табиғат, қоғам, өмір заңдарына қайшы келетін, адамгершілікке жатпайтын әрекеттерге тиым салып тұр. Мұндай әрекеттер дүниедегі, өмірдегі, адамдар арасындағы үйлесімділікті бұзады.

Философияда адам – жұмбақ, адам – шексіз, адам ешбір анықтамаға сыймайды деген түсінік бар. Адам бір күйде қалып қоймайды. Осы пікірді Конфуций былай білдіреді: «Адам аяғынан басына дейін өлшенбейді, басынан бастап аспанға дейін өлшенеді». Адамның өсіп жетілуіне шек қоюға болмайды.

Осыған ұқсас ойды біз грек философы Протагордан да табамыз: «Адам – барлық заттың өлшемі, бар заттың да, жоқ заттың да». Айналадағы нәрселердің бәрі – адам қолынан шыққан дүниелер. Бірақ адамды затпен өлшеуге болмайды: байлықпен, билікпен, атакпен. Бұлардың бәрі – қолдың кірі, өткінші нәрселер. Адам, адамның еңбегі, шығармашылығы, өнері, сөзі, ісі – өлмейтін, өшпейтін құндылық.

Адамның өсіп жетілуге ұмтылысы туралы Гераклит былай дейді: «Мен өмір бойы өзімді өзім іздеп жүрмін». Адам баласы жеткен биігіне қанағаттанбайды. Алдына қойған мақсатына жеткен сайын оның алдынан тағы бір белестер шығып, тағы бір мүмкіндіктер оны алға жетелейді. Тек ол өмір сүретін қоғам, ол өмір сүретін орта оның өсіп жетілуіне шек қоймаса болды. Лев Толстой өмірінің соңғы кезінде кейінгі ұрпаққа аманат етіп, өзінің өшпес туындысы – екі томдық «Круг чтения» деген терең ойларға толы философиялық еңбегін жазды. Өмірінің соңғы сағаттарындағы оқыған кітабы да осы болды. Біздің Абай қалың жұртқа, қазағына айтар өсиетін өмірінің соңында жазған «Қара сөздерімен» жеткізді.

Адамның өсіп жетілуі, бойындағы мүмкіндіктерді жүзеге асыруы оның өзін өзі тануымен байланысты. «Адам, өзінді өзің таны!» деген принципті ұсынған Сократ болатын.

Біз әдетте адамды сырттай танып бақылаумен шектеліп қаламыз, көркіне, мінезіне, сөзіне, ісіне мән береміз, ішкі жан дүниесіне, көңіл күйіне, пейіліне, арман – мұратына үңіліп жатпаймыз. Бұл – барып тұрған формальдық, немқұрайлы көзқарас. Біз қайтіп оған қол ұшын береміз, жетілуіне көмектесеміз? Қазақ айтады: «Мың сіз – бізден, бір шыж-быж артық» - деп. Бір рет көрісіп, сөйлесіп, ниетіңмен бөліскен артық.

Адамның өзі де айналасындағы әр алуан заттарға, құбылыстарға назар аударып, өзіне қайтып оралып жатпайды. Аврелий Августинді тындап көрейік: «Адамдар биік тауларға, алыстағы теңізге, мұхитқа, жарық жұлдыздарға таңданып қарайды. Бірақ осы сәтте олар өздерін ұмытып кетеді». «Сыртқа қызықпа, - дейді Августин, - өзіңе қайтып орал. Шындық – ішкі адамда». Өзінің «Тәубеге келу» («Исповедь») деген ғұмырнамалық шығармасында «ішкі адам» деген ұғымды қарастырады.

Адам - жұмбақ дегенді жиі айтамыз. Несімен ол жұмбақ? Көркімен бе? Көріктілер толып жатыр. Байлығымен, атағымен, орынтағымен болар? Жоқ. Байлар да, атактылар да жетеді. Адам өзінің ішкі рухани дүниесімен жұмбақ және шексіз.

«Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» - дейді Абай. Сырттай Абайды біз жақсы білеміз: ата-анасын, бала-шағасын, әйелдерін, байлығын, ақындығын, даралығын. Ақынның ішкі жан-дүниесін, неден түңіліп, неден опық жегенін, неге оның жүрегі қырық жамау болып, іші толған у мен дерт болғанын біле бермейміз.

Ғылым арқылы біз сыртқы дүниені жете танып жатырмыз. Ал өзімізді дұрыстап тани алмай келеміз. Ақылға сыймайтын нәрсе осы.



Адам әдетте жақсыларға жақын болып, жақсыларға көңіл бөліп жатады. Ал жамандарды қайтеміз? Жамандар да жетеді ғой арамызда.

Философияны адамдардың бәрі де қызықтырады: жақсысы да, жаманы да. Адам жақсы болса, жақсылығын айту керек, басқаларға үлгі болсын. Жаман болса, жамандығын айту керек – ойлансын, арлансын, жамандығынан арылуға тырыссын. «Дос жылатып айтады» дейді. Қазақтың тағы бір тамаша тағылымы: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын. Жаманның жамандығын айт, құты қашсын».

Қай адамның да бірсуден үйренетін, біреуді үйрететін шамасы бар.

Философия адамға адам болып қалудың, адам болып өмір сүрудің жолдарын көрсетпек болады. И.Кант өзінің «Антропологиясын» жоғары бағалап, «Адамға адам болуды үйрететін ілім – ол мына менің философиям», - деп мақтанышын жасырмайды.

Эпикур өз ілімін адамдарға жақсылық жасауға, адамдардың мұң – мұқтажын, қайғы-қасіретін жеңілдетуге бағыштайды. «Адамның азаптарын жеңілдете алмаған философтың уағызы - бос сөз, - деп жазады Эпикур. «Тән жарасын жаза алмайтын медицинадан қайыр болмайтыны сияқты жан жарасын жаза алмайтын философиядан да қайыр жоқ» - дейді.

Құндылықтың нақты формуласы деп мен қазақтың: «Малым жаным садағасы, жаным арым садағасы» деген таңғажайып терең мақалын атар едім. Бұрында қазақтың малдан артық құндылығы болған жоқ. Төрт түлік малмен қазақ күн көрді. Бірақ мал жаннан қымбат емес. «Бірінші байлық – денсаулық» - дейді қазақ. Тіршілікке жететін не бар?! Адамға бәрінен де өмір, яғни жан қымбат. Кемеңгер қазақ халқы мұнымен де шектелмепті: ар-ұятты жаннан да қымбат көреді екен. «Өлімнен де ұят күшті» деп те айтады. Қазақта ар-ұят ең жоғары құндылық болып табылады.

Абайдың: «Ақылды деп, арлы деп, ақбейіл деп, мақтамайды ешкімді бұл күнде көп» деген сөзін бүгін де қайталауға болады. Бүгінде адамды басқа құндылықтар, нарық пен жеке меншік талабынан туындаған құндылықтар: баю, қалай еткенде де ақша табу сияқты меркантильдік мұраттар билеп алды. Ақылымен, білімімен, өнерімен, еңбегімен озудың орнына ұрлықпен, зорлықпен, кісі еңбегін қанаумен озып жатқандар көбейді. Кешегі Кеңес заманында «жемқорлық» дегенді естімеуші едік. Қазір бұл індет көптеген шенеуніктердің қосымша кәсібіне айналды. Олар үшін Абай жоқ:

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек

Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Абайдың «нұрлы ақыл» деп тұрғаны Кант сынамайтын «таза ақыл», ғылым сөзі емес, даналық. Сол даналық – нұрлы ақыл адамға арды жаннан да артық көргізетін. «Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі» дейді Абай.

Адам, халық бетке ұстайтын тағы бір құндылық рух болып табылады. Рухы биік, рухы оянған адам, халық қандай қиындықты да жеңе біледі, алға озып шығады.

Философия айрықша мән беретін тағы бір құндылық – адамның абыройы. Бұл жөнінде Қайта өрлеу дәуірінің өкілі Мирандола жазды.

Адам үшін жаннан қымбат тағы бір құндылық бар: ол – махаббат, жар. Абай да, Шәкәрім де махаббаттың мән-жайын терең аша білген.

Абай:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,

Аспанда ай менен күн шағылса да.

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да, - десе, оған Шәкәрім былай деп үн қатады:

Мал да аяулы, жан да аяулы болса егер,

Малды аяма, жаның үшін малды сат.

Жан да аяулы, жар да аяулы болса егер,

Жанды аяма, жарың үшін жанды сат!

Мұндай Дон Кихоттардың – рыцарлардың заманы, өкінішке орай, келмеске кеткен шығар.

Отандық әдебиетте, философияда құндылық мәселесі тиянақты зерттеліп жатыр. Бұл туралы Тұрсын Ғабитов, Серік Нұрмұратов, бүгінгі мерейтой иесі Бақыт Қайырова жазды. Қазақтану ілімін жан-жақты қарастырып жүрген профессор Жақан Молдабеков қазақтың ұлттық құндылықтарын насихаттап жүр. Құндылықтар туралы «Даналық пен түсініктің үлгілері» деген монографияда мен жаздым. Бұл – философиядағы мәңгілік мәселелердің бірі.

Көбіңіз бұл кісінің бағанадан бері айтып тұрғаны белгілі нәрселер ғой деп ойлап отырған шығарсыздар. Солай екені де рас. Жоғарыда мен белгілі деп талай құнды қағидаларды елемей қоятынымызды айтқанмын. Тағы да қайталаймын: құндылық деп біз адамның күн сайын көріп, біліп, айтып жүрген қасиеттерін: жақсылығын, ізгілігін, адалдығын, мәрттігін, кеңдігін, сұлулығын тағы басқаларды айтамыз. Сондай қасиеттерге, сондай адамдарға кездессек, төбеміз көкке жеткендей қуанамыз. «Все гениальное просто» деген сөз бар. Қарапайым деп сондай құндылықтарға көңіл бөлмесек, онда біздің кім болғанымыз.

Кейде теория мен практиканың, теория мен күнделікті өмірдің арасы алшақтап кететін кездері болады. Философия адамға, оның өміріне даналық, түсінік, құндылықтар арқылы жақындап, оңтайлы ықпал етуге тырысады. Осыны ескерген дұрыс деп ойлаймын.

### **РЕЗЮМЕ**

Философия постоянно возвращается и анализирует ценности, которые формировались в течение веков и служат человеку ориентиром в жизни.

В статье рассматриваются жизненные ценности, которые витают перед человеком как предпосылка.

### **RESUME**

Philosophy keeps coming back and analyzes the values that were formed over the centuries and serve as a reference point in the life of man.

In the article considered life values that hover in front of the person as a prerequisite.

УДК 378:633/635

**С. С. Джубатырова**, доктор сельскохозяйственных наук, профессор,  
**Б. Е. Губашева**, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент,  
**М. К. Мусина**, кандидат сельскохозяйственных наук, доцент,  
**А. М. Кушаева**, магистр естественных наук, преподаватель  
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г.Уральск, РК

### **ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ КРЕАТИВНОГО ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПО КУРСУ «РАСТЕНИЕВОДСТВО»**

#### **Аннотация**

В статье рассмотрены вопросы ключевых компетенций специалиста АПК, приведены определения понятия профессиональной компетенции и рассмотрены ее составляющие компоненты.

***Ключевые слова:** агропромышленный комплекс, специалист, креативное образование, профессиональная компетентность, профессиональное сознание.*

Во всех странах мира основным требованием, предъявляемым к специалистам агропромышленного комплекса, является конкурентоспособность на мировом рынке и способность обеспечить продовольственную безопасность. Развитие сельскохозяйственного производства и его эффективность во многом зависят от уровня подготовки руководителей и специалистов для этой отрасли. В современных условиях положение их значительно меняется. Приходится работать в новой организационной системе взаимодействия крупных, средних и мелких предприятий, являющихся самостоятельными товаропроизводителями, действующими в рыночной среде. В стремительно меняющемся обществе, возникает необходимость подготовки компетентного специалиста для различных отраслей. Важную роль в этих преобразованиях приобретает креативное образование. Креативное обучение ориентировано на развитие творческих способностей человека, на закрепление в его профессиональном сознании установки на инновации, включающее анализ проблем и вариантов деятельности. Это обучение, мотивирующее самостоятельное осмысление индивидуальности, превращение знаний в потенциал мышления и саморазвития.

Согласно новой образовательной политике основным результатом деятельности вуза выступает профессиональная компетентность выпускника. В настоящее время в вузе изменилась профильная структура подготовки кадров, внесены существенные изменения в образовательные программы, методики преподавания, введены с участием работодателей новые специальные дисциплины, способствующие формированию ключевых и профессиональных компетенций. В образовательном процессе реализуется модульная технология, основанная на компетентном подходе. Компетентный подход предполагает не усвоение отдельных друг от друга знаний и умений, а овладение ими в комплексе. Современные требования к типовым учебным программам предусматривают наличие в них профессиональных компетенций. Компетентный в определенной сфере специалист обладает соответствующими знаниями и способностями, позволяющими ему ориентироваться в этой области и эффективно действовать в ней. В программах преподавания отдельных дисциплин понятие «компетенция» вышло на общедидактический и методический уровень.

Компетентный подход в образовании диктуется самой жизнью и связан с его системно-практическими функциями, а также межпредметной ролью в образовательном процессе. Перечень компетенций представляет собой заказ общества региона, страны к подготовке специалистов для различных отраслей. В компетентной модели специалиста цели образования связываются с объектами, предметами труда, с выполнением конкретных функций, а также с междисциплинарными интегрированными требованиями к образовательному процессу. Профессиональную компетентность определяют как интегральную характеристику профессиональных и личных качеств, совокупность знаний и умений и опыта в динамично развивающейся системе его профессиональной деятельности [1]. По мнению М.А.Чошанова [2], профессиональная компетентность означает постепенное обновление знаний, овладение новой информацией для использования в определенной ситуации, умение применять полученные знания на практике, умение среди множества решений выбрать наиболее оптимальное верное решение.

Цель профессионального образования состоит не только в том, чтобы научить обучающегося что-то делать, приобрести профессиональную квалификацию, но и дать ему возможность справляться с различными производственными и жизненными ситуациями и умение работать в коллективе. В.М.Полонский [3] под профессиональной компетентностью специалиста агропромышленного комплекса понимает совокупность необходимых знаний и качеств личности, позволяющих профессионально решать вопросы в области устойчивого развития в этой сфере.

В связи с этим профильная подготовка по агрономическим специальностям в данных социальных условиях приобретает актуальную роль. Профессиональная компетентность проявляется при решении профессиональных задач. Так, выпускник по направлению подготовки 5В080100 «Агрономия» может выполнять следующие виды профессиональной деятельности: производственно-технологическую, организационно-управленческую, научно-исследовательскую. В зависимости от вида производственной деятельности выпускник подготовлен к выполнению определенных задач. Производственно-технологическая – оценка пригодности агроландшафтов для возделывания сельскохозяйственных культур и их рациональное использование; реализация технологий возделывания сельскохозяйственных культур и воспроизводства плодородия почв; эффективное использование удобрений, средств защиты растений, сельскохозяйственной техники, семян, сортов и гибридов сельскохозяйственных культур; оценка качества растениеводческой продукции и определение способов ее использования. Организационно-управленческая деятельность предполагает организацию производственных коллективов и управление ими; организацию и проведение полевых работ и принятие управленческих решений в зависимости от погодных и материально-технических условий; определение энергетической и экономической эффективности производства продукции растениеводства и принятие технологических решений по повышению и ее конкурентоспособности. Научно-исследовательская деятельность включает анализ состояния и перспектив повышения урожайности сельскохозяйственных культур и воспроизводства плодородия почв; планирование и разработку схемы и методики агрономических экспериментов по повышению продуктивности земледелия; закладку и проведение различных опытов; обобщение результатов опыта, их статистическая обработка и формирование выводов.

Важное место в структуре специальных дисциплин отводится курсу «Растениеводство». В типовой программе [4] по данной дисциплине прописаны следующие компетенции. Студент должен знать: все решения правительства по вопросам сельского хозяйства; научные и технологические основы производства высококачественных семян сельскохозяйственных культур; значение, морфологию и биологические особенности полевых культур; современные технологии возделывания культур; пути и способы повышения качества сельскохозяйственной продукции, уменьшения ее потерь, а также сокращения затрат труда и средств на выращивание урожая. На этой основе выпускник должен уметь самостоятельно организовывать выполнение производственных процессов в полеводстве; эффективно использовать сельскохозяйственную технику; применять химические, биологические и агротехнические меры защиты растений; применять в производстве ресурсосберегающие технологии, повышающие плодородие почвы и

обеспечивающие охрану окружающей среды. В перечисленном коротком, но емком перечне предусмотрено получение целого ряда компетенций. В позиции «знать» подразумевается способность совершенствоваться и развивать интеллектуальный и общекультурный уровень; способность к самостоятельному обучению новым методам исследования; способность самостоятельно приобретать с помощью информационных технологий и использовать в практической деятельности новые знания и умения, в том числе в новых областях знаний, способность к профессиональной эксплуатации современного оборудования и приборов, владеть методами разрешения конфликтных ситуаций.

В позиции «уметь» понимается, в частности, умение организовывать взаимосвязь полученных знаний и упорядочивать их, умение работать с документацией и классифицировать ее. Изучение особенностей роста и развития полевых культур в зависимости от почвенно-климатических условий, приемов агротехники воспитывает у обучаемого способность организовывать взаимосвязи многолетних источников прошлых и настоящих данных по возделыванию сельскохозяйственных культур, занять позицию в дискуссиях, выражать свое собственное мнение. Изучение технологических карт ведущих полевых культур с учетом конкретных почвенно-климатических условий местности вырабатывает у обучаемого умение пользоваться статистическими данными, аналитическими и вычислительными приборами и оборудованием. В перечне «уметь» самостоятельно анализировать состояние производства растениеводческой продукции хозяйства и разрабатывать самостоятельно мероприятия по эффективному размещению сельскохозяйственных культур с учетом почвенного плодородия земель подразумевается получение ключевых компетенций: способность понимать сущность современных проблем агрономии; научно-технологическую политику в области производства безопасной растениеводческой продукции; готовность использовать агрофизические, агрохимические, биологические методы анализа почв и растений; уметь извлекать пользу из опыта; владеть методами оценки агрофитоценозов и уметь корректировать технологии возделывания сельскохозяйственных культур в различных погодных условиях; уметь делать запросы в базы данных, а именно по урожайности сельскохозяйственных культур, почвенно-агрохимическим показателям с целью программирования урожаев полевых культур для различных уровней технологий. Разработка ежегодных мероприятий по проведению сельскохозяйственных работ, связанных с рациональным использованием почв и возделыванием сельскохозяйственных культур, помогает также выработке компетенций преодоления неуверенности и сложности в конкретных ситуациях; оценивать социальные условия, связанные с окружающей средой; умение принимать верные решения.

В целом можно отметить, что методология изучения дисциплины, основанная на диалектической взаимосвязи и определенной последовательности учебного материала, прописанные в типовой программе курса «Растениеводство», имеют достаточную профессиональную направленность и позволяют широко использовать процесс обучения для формирования креативных компетенций. Таким образом, в период обучения у обучающихся должна сформироваться целостная система знаний, умений, навыков, а также опыт самостоятельной профессиональной деятельности, то есть приобретение профессиональных компетенций. В свою очередь, профессиональная компетентность может сформироваться при вовлечении в познавательную активность личности, выражающееся в единстве теоретической, практической и мотивационной готовности к деятельности. Компетентный подход, заложенный в основу образовательного процесса, должен способствовать обучению студентов в соответствии с требованиями рынка труда.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Гильмеева Р.Х. Развитие профессиональной компетентности учителя в системе повышения квалификации / Р.Х. Гильмеева //Методист. – 2002. – №5. – С.5-6
- 2 Чоканов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения / М.А. Чоканов. – М.:Народное образование. – 1996. – 157с.
- 3 Полонский В.М. Словарь по образованию и педагогике. – М.:Высш.шк., 2004. – 512с.
- 4 Типовая учебная программа «Растениеводство» МОН РК. – Алматы. – 2013

### **ТҮЙІН**

Бағдарлама барысында білім алушыларда білімділік пен біліктілік, дағды, сонымен қатар дербес кәсіби қызметінде тәжірибе, яғни кәсіби құзыреттілікті иемдену тұтас жүйесі қалыптастырылуы қажет. Өз кезегінде кәсіби біліктілік жеке тұлғаның танымдық белсенділігімен, яғни қызметке теориялық, тәжірибелік және ынталандыруға дайындық бірлігінен құралады. Білім жүйесінің негізі, құзыреттілік еңбек нарығының талаптарына сай білім алушыларға ықпал етуі тиіс.

### **RESUME**

In training period the students should form a holistic system of knowledge, abilities, skills, and experience of independent professional activity, that is, the acquisition of professional competencies. In turn, professional competence can be formed with the involvement in the cognitive activity of personality, reflected in the unity of theoretical, practical and motivational readiness activities. Competent approach underlying the educational process, should promote the training of students in accordance with the requirements of the labour market.

## Мазмұны Содержание

### *АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ АГРОНОМИЯ*

<b>Браун Э.Э., Куаналиева М.К., Кабиева Г.К.</b> Картоп өнімділігі мен топырақ құнарлылығына тыңайтқыштардың әсері .....	<b>3</b>
<b>Батыргалиев А.Т., Курмангазиев Р.С.</b> Эффективность возделывания подсолнечника в условиях Западного Казахстана .....	<b>8</b>
<b>Булеков Т. А., Осипенко Н. В., Курмангазиев Р. С., Батыргалиев А. Т.</b> Технология возделывание нута и эффективность при различных технологиях в Западно-Казахстанской области .....	<b>11</b>
<b>Мусина М.К., Амантай Ш.А., Лиманская В.Б., Шектыбаева Г.Х.</b> Изучение коллекции нута по основным хозяйственно ценным признакам на западе Казахстана ....	<b>15</b>


### *АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ ЗООТЕХНИЯ*

<b>Ахметалиева А.Б., Дуимбаев Д.А., Жайназаров Н.Ж.</b> Қазақтың ақбас тұқымы төлдерінің өсіп-даму көрсеткіштері .....	<b>19</b>
<b>Гизатуллин Р.С., Седых Т.А., Косилов В.И., Насамбаев Е.Г.</b> Особенности акклиматизации геррефордов зарубежной селекции к условиям степной и лесостепной зон .....	<b>22</b>
<b>Миринова И.В., Косилов В.И., Нигматьянов А.А., Губашев Н.М.</b> Потребление и характер использования энергии рационов коровами черно-пестрой породы при введении в рацион пробиотической добавки «Ветоспорин-Актив» .....	<b>30</b>
<b>Насамбаев Е. Г., Досжанова А.О.</b> Әртүрлі генотип бұқашықтарының физиологиялық жағдайы мен бейімделу ерекшеліктері .....	<b>35</b>
<b>Насамбаев Е. Г., Жумашев А. К.</b> Сравнительная характеристика роста и развития молодняка казахской белоголовой породы различных заводских линий КХ «Махорин» .....	<b>39</b>


### *ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ*

<b>Абоимова А.П., Кармалиев Р. С.</b> Гельминтофауна пищеварительного тракта и печени кошек в Западно-Казахстанской области .....	<b>44</b>
<b>Елеуова Г.А., Сапарова А.С., Шалменов Ш.М.</b> Батыс Қазақстан облысындағы эхинококкоздың эпизоотологиялық, эпидемиялық жағдайы .....	<b>48</b>
<b>Кайратова Ф.К., Закирова Ф.Б.</b> Диспепсияға шалдыққан бұзауларды политербет фитопрепаратымен емдеу және алдын алу .....	<b>53</b>


<b>Karmaliyev R. S., Murzabaev K. E. Helminths Ruminants In West Kazakhstan .....</b>	<b>57</b>
<b>Сисенбаева А. Ж., Гусманов М. Г. Эпизоотологический мониторинг бруцеллеза крупного рогатого скота в ЗКО .....</b>	<b>60</b>
<b>Солдатов И. С., Кармалиев Р. С., Габдуллин Д. Е. Возрастная динамика инвазированности собак токсокарами и сезонная динамика яйцепродукции <i>T. canis</i> в условиях г. Уральска и Западно-Казахстанской области .....</b>	<b>66</b>



<b>Ким А.И., Тулеуов А.М., Мурзашев Т.К., Антипова Н.В. Жайық өзенінің төменгі ағысының солтүстік бөлігіндегі бекіре тұқымдас балықтардың уылдырықтау орындарының жағдайы .....</b>	<b>70</b>
<b>Тулегенова Д.К., Уксикбаева М.К. Орал қаласы маңындағы жер беті суларының гидроэкологиялық жағдайы .....</b>	<b>76</b>
<b>Шукуров М.Ж., Султанов Е.С., Сарманов А.Е. Ихтиофауна Кировского, Битикского и Донгулекского водохранилищ .....</b>	<b>79</b>




<b>Бралиев М.К., Мукашев Р.Д. Методика исследований датчиков контроля уровня корма в самокормушке .....</b>	<b>83</b>
<b>Бралиев М.К., Мукашев Р.Д. Обоснование параметров датчика контроля уровня корма в самокормушке .....</b>	<b>88</b>
<b>Ихсанов К.А., Ихсанов Н.К., Тлеккабылов А.Т. Обоснование плотности и контроль качества бурового раствора при бурении скважин на месторождении Карачаганак...</b>	<b>91</b>
<b>Оверченко Г.И., Раймкулов А.Б. Проблемы по обеспечению запасными частями на предприятиях автосервиса .....</b>	<b>95</b>
<b>Сатиев Н.Б., Ахметжан С.З. Назначение и применение вращающегося контролирующего устройства RCD .....</b>	<b>99</b>




<b>Касымова А. Х., Сарсенгалиева Ж. Г. Интранет – сервер құру ерекшеліктері .....</b>	<b>104</b>
---	------------






**АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**Ботбай Д.** Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ерекшеліктері ..... **109**




**ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ**

**Қожанай Ш.А., Казамбаева А.М.** Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес банктің өтімділігін талдау және оны жетілдіру жолдары ..... **112**  
**Хусаинов Б.М., Богдашкина И.В., Исенғалиева М.Е., Джафаров А.К.** Привлечение квалифицированных специалистов на предприятия агропромышленного комплекса ..... **116**  
**Сайфутдинов Э. Р., Хусаинов Б. М.** Управление кредитными рисками коммерческого банка (на примере АО ДБ «Альфа-Банк») ..... **124**



**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ФИЛОСОФИЯ**

**Галиева Ж.С.** Діни толеранттылық – ұлттаралық татулықтың кепілі ..... **130**  
**Рысқалиев Т.Х.** Құнын жоймас құндылықтар ..... **134**



**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ПЕДАГОГИКА**

**Джубатырова С.С., Губашева Б.Е., Мусина М.К., Кушаева А.М.** Теоретические аспекты креативного формирования профессиональных компетенций по курсу «Растениеводство» ..... **139**

### Авторларға арналған ереже

«Ғылым және білім» ғылыми-практикалық журнал – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің мерзімді басылымы. Журнал әр тоқсан сайын шығады, мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады. Журналдың негізгі тақырыптық бағыты – ғылыми, ғылыми-техникалық және өндірістік мақалаларды жариялау. Журналда негізгі секция бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары және олардың өндіріске енгізіу нәтижелері жарияланады: ауыл шаруашылық ғылымдары (агрономия, зоотехния, орман шаруашылығы), ветеринарлық ғылымдар, техникалық, экономикалық, жаратылыстану (жер туралы, физика-математикалық, химиялық, биологиялық, экологиялық ғылымдар), гуманитарлық ғылымдар (тарихи, философиялық, әлеуметтік, заңгерлік, педагогикалық).

Журнал ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде есепке алынған -15.06.2005 ж. № 6132-Ж және Халықаралық әлемдік мерзімді баспасөз орталығында тіркелген - ISSN – 2305-9397.

Журналға «Қазпошта» АҚ-н газеттер мен журналдар каталогы бойынша жазылуға болады.

Жариялауға жоспарланған ғылыми-техникалық және өндірістік мақалаларға редакция алқасы пікір жазып, бекітеді. Бекітілген материалдар редакциядағы жарияланым кезегінің «портфеліне» орна-ластырылады. Пікір жазу, бекіту кезеңі 1-3 ай аралығын қамтиды, кейін жарияланым кезегін күтеді. Сонымен қатар, ҚР БҒМ-н БҒСБҚ-н 12.06.2013 ж. № 949 бұйрығына сәйкес Комитет ұсынатын ғылыми-зерттеу қызметі нәтижелерін жариялауға арналған басылымдар тізіміне күрудің талабының бірі шетел тілдердегі мақалалардың болуына байланысты, ағылшын тілінде жазылған еңбектер кезексіз жарияланады.

Жарияланым жылдамдығы материалдың өзектілігіне және тақырып бойынша редакция «портфелінің» толуына байланысты.

«Ғылым және білім» журналына мақала дайындаған кезде төмендегі ережелерді жетекшілікке алуды ұсынамыз:

1. **Мақала** 7.5-98 халықаралық мемлекеттік стандартқа сәйкес рәсімделеуі тиісті.

Мақала элементтерінің тізбегі келесі:

✓ Қолжазбаларда әмбебап ондық жіктеуіш индексі болу керек – **ӘОЖ** (ғылыми кітапханалардағы индексация жетекшілігімен сәйкес);

✓ Авторлар туралы мәлімет (аты-жөні, тегі, ғылыми лауазымы, ғылыми дәрежесі, мекеменің толық атауы көрсетіледі);

✓ Мақала тақырыбы (жарытылай қарайтылған бас әріптермен, ортаға түзете қойылады)

✓ Түйіндеме (мақала жазылған тілде беріледі);

✓ Түйінді сөздер (курсив);

✓ Мақаланың тексті;

✓ Қолданылған әдебиеттер тізімі МемСТ 7.1–2003 (12 әдебиеттен аспау) мемлекет аралық стандартқа сәйкес мақала соңында, мәтінде көрсетілген сілтемеге сәйкес берілуі керек;

✓ Түйін (мақала қазақ тілінде жазылса – түйін орыс және ағылшын тілдерінде, мақала орысша болса – қазақ және ағылшын тілдерінде, мақала ағылшын тілінде болса – түйін қазақ және орыс тілдерінде келтіріледі).

2. **Материалдар** (1 дана) баспа және электронды нұсқада, Word редакторында А4 пішіндегі ақ парақ бетіне бір интервалмен, барлық жағынан 2 см орын қалдырылып, 11 кегельдегі Times New Roman қарпімен жазылып, ұсынылады.

3. **Графикалық материалдар** графикалық редакторда орындалып, мәтін арасына салынады. **Сурет** атауларында барлық белгілері көрсетіледі. **Кестелерге** тақырып жазылып, нөмірленіп, рет-ретімен орналасуы керек (5 кесте, 5 суреттен аспау керек).

4. Қолжазбаның **жалпы көлемі**, түйіндеме, сурет және кестемен қосқанда **3-8 беттен** аспау керек.

5. Мақалаға міндетті түрде барлық **авторлардың қолы** қойылады (4 автордан аспау керек). Журналдың бір нөмірінде бір автордың 2 мақаласына дейін жариялауға болады.

6. Бөлек бетте **автор жөнінде мәлімет** (ұйым атауы, лауазымы, ғылыми дәрежесі, мекен-жайы, байланыс телефоны) көрсетіледі.

7. Мақалаға тәуелсіз, редакциялық алқасына кірмейтін, мақаланың тақырыбына жақын салада зерттеу жүргізетін екі ғалымның пікірі (ішкі және сыртқы) қосымша тіркеледі.

8. Жарияланым мүмкіндігі жөнінде әрбір мақалаға ҒЖ жөніндегі проректор бекіткен **сарапшы қорытындысы** толтырылады.

Редакция мақалалардың әдеби және стильдік жақтарын өндемейді. Қолжазбалар мен дисктер қайтарылмайды. Талапқа сай жазылмаған мақалалар жарияланымға шықпайды және авторларға қайтарылады.

Өзге жоғары оқу орнының авторлары үшін журналда мақала жариялау жарнасы 1500 теңге.

Мекен-жайымыз:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51.

«Ғылым және білім» - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ғылыми-практикалық журналы

Анықтама телефоны: 51-61-30; E-mail: [nio\\_red@mail.ru](mailto:nio_red@mail.ru)

Журналдың электрондық сайты – [nauka.wkau.kz](http://nauka.wkau.kz)

Журналда мақала жариялау жарнасын мына есеп-шотқа аударуға болады:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

РНН 270 100 216 151

БИН 021 140 000 425

ИИК KZ 516010181000027495 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Батыс Қазақстан Филиалы

БИК HSBKZKZKXKBE 16

## Правила для авторов

Научно-практический журнал «Ғылым және білім» является периодическим изданием Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана МОН РК. Журнал выходит ежеквартально, статьи публикуются на казахском, русском и английском языках. Основная тематическая направленность журнала – публикация научных, научно-технических и производственных статей. В журнале публикуются результаты научных исследований и их внедрения в производство по основным секциям: сельскохозяйственные науки (агрономия, зоотехния, лесное хозяйство), ветеринарные науки, технические, экономические, естественные (наука о земле, физико-математические, химические, биологические, экологические), гуманитарные науки (исторические, философские, социологические, юридические, педагогические).

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и спорта Республики Казахстан – № 6132-Ж. от 15.06.2005 г., Международным центром мировой периодики - ISSN – 2305-9397.

Подписку на сборник можно оформить по каталогам газет и журналов АО "Казпочта"(индекс 76316).

Научно-технические и производственные статьи, планируемые к опубликованию в нашем журнале, проходят процедуру рецензирования и утверждения на редакционной коллегии. При положительном заключении материал помещается в "портфель" редакции в очередь на опубликование. Скорость публикации зависит от актуальности материала и заполненности "портфеля" редакции по данной тематике. Кроме того, в связи с тем, что согласно приказу председателя ККСОН МОН РК от 12.06.2013 ж. № 949 одним из условий влечения журнала в перечень изданий, рекомендуемых Комитетом для публикации основных результатов научной деятельности, является наличие публикаций на иностранных языках, правом внеочередного опубликования будут пользоваться статьи на английском языке.

### **При подготовке статей в журнал рекомендуем руководствоваться следующими правилами:**

**1. Статья** должна быть оформлена в строгом соответствии с ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов».

**Последовательность элементов** издательского оформления материалов следующая:

- ✓ индекс УДК (в соответствии с руководством по индексации, имеющимся в научных библиотеках);
- ✓ сведения об авторах (фамилия, инициалы, ученая степень, звание, полное наименование учреждения, в котором выполнена работа с указанием города);
- ✓ заглавие публикуемого материала (прописными буквами, полужирный, кегль 11 пунктов, гарнитура Times New Roman, Times New Roman КК ЕК, абзац центрированный);
- ✓ аннотация (приводится на языке текста публикуемого материала);
- ✓ ключевые слова (курсив);
- ✓ текст статьи;
- ✓ список использованной литературы (в соответствии с ГОСТ 7.1.-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления» (не более 12 наименований), ссылки размещаются по мере упоминания в тексте.

✓ резюме (если текст статьи на казахском языке, то резюме публикуется на русском и английском языках, если текст статьи на русском языке, то резюме – на казахском и английском языках, если текст на английском языке, то резюме – на казахском и русском языках).

**2. Материалы** предоставляются в печатном (1 экз.) и электронном виде, в редакторе Word A4 с полями 2,5 см со всех сторон листа, гарнитура TimesNewRoman, кегль 11, интервал одинарный.

**3. Графический материал** должен быть встроен в текст и выполнен в графическом редакторе. Подрисуночные подписи приводятся с указанием всех обозначений. Таблицы, пронумерованные по порядку, должны иметь заголовки (таблиц – не более 5-и, рисунки – не более 5-и).

**4. Общий объем** рукописи, включая аннотации, резюме и с учетом рисунков и таблиц 5-8 страниц.

**5.** Статья, в обязательном порядке, подписывается **всеми авторами** (не более четырех авторов). В одном номере журнала допускается публикация не более 2 статей одного автора.

**6.** На отдельном листе привести **сведения об авторах** (организация, должность, ученая степень, адрес, контактный телефон).

**7.** К статье обязательно прилагаются **рецензии** 2-х независимых ученых (внешняя и внутренняя), которые не входят в состав редакционной коллегии журнала и ведут исследования в областях, близких с тематикой статьи.

**8.** Для каждой статьи заполняется **экспертное заключение** о возможности опубликования, утвержденное проректором по НР.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи и дискеты не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

Стоимость одной статьи для вневузовских авторов составляет 1500 тенге. Рукописи и электронные варианты следует направлять по адресу:

090009, г. Уральск, ул. Жангир хана, 51

Научно-практический журнал ЗКАТУ имени Жангир хана «Ғылым және білім» («Наука и образование»)

Телефон 50-21-15; 51-61-30; e-mail: [nio\\_red@mail.ru](mailto:nio_red@mail.ru)

Электронный сайт журнала – [nauka.wkau.kz](http://nauka.wkau.kz)

Банковские реквизиты при перечислении денежных средств за опубликование статей:

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

РНН 270 100 216 151

БИИ 021 140 000 425

ИИК КЗ 516010181000027495 Зап.Каз.филиал АО «Народный банк Казахстана»

БИК HSBKZKX

КБЕ 16

**«Ғылым және білім»**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми-практикалық журналы

2005 жылдан бастап шығады

Қазақстан Республикасының Мәдениет,

ақпарат және спорт министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті

Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы

15.06.2005 ж. № 6132-Ж. куәлігі берілген

**«Наука и образование»**

Научно-практический журнал Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана

Издается с 2005 года

Зарегистрирован в комитете информации и архивов

Министерства культуры информации и спорта РК.

Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации

№ 6132-Ж. от 15.06.2005 г.

**Редакторы: Ж. С. Кублашева**

**Д. Ж. Альпейсова**

**А. А. Ахбалина**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің редакциялық-баспа бөлімі

*БҚАТУ баспаханасында басылды*

*Форматы 30 x 42 ¼ Офсетті қағаз 80 м/г*

*Көлемі 18,7 б.б. Таралымы 500 дана*

*27.12.2016 ж. басуға қол қойылды. Тап.209*

*090009 Орал қ., Жәңгір хан көшесі, 51*

*Анықтама телефоны 50-21-15*

*Е- mail: [nio\\_red@mail.ru](mailto:nio_red@mail.ru)*

Жорнал [наука.wkai.kz](http://наука.wkai.kz) сайтында орналасқан

**Подписной индекс 76316**

ISSN 2305-9397



9 772305 939163

0 4